

Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістан Республикасы кезеңінің кейбір мәселелері

DOI: 10.31551/2410-2725-2019-5-1-116-123

Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы

тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, саясаттану, әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан Республикасы. E-mail: zhomart-67@mail.ru

Аңдатпа Автор мақалада Қазақстан және Өзбекстан Республикаларының мұрағаттарында сақталынған материалдар негізінде Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі кезеңдерінің біріне тарихи талдау жасау арқылы қарастырады. Көрнекті саяси және қоғам қайраткері С.Қожанов Қазақстанның ұлт зиялыларымен, оның көрнекті өкілдері А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалармен бірлесе кеңестік құрылыс жағдайында Қазақ республикасының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Автор жауапты мемлекеттік лауазымдарды, Мәскеуде ұлт мәселелері бойынша БКП(б) ОК аппаратының инструкторы қызметін атқарған С.Қожановтың саяси қызметін сипаттайды. Ол 1937-1938 жж. Үлкен террор жылдары бұқаралық операциялардың құрбаны болды.

Түйін сөздер: Сұлтанбек Қожанов; Түркістан Республикасы; Революциялық комитет; Түрік-комиссия; Жұмысшы және шаруа Кеңестері; Түрікатком; большевик; кулактар; контрреволюция; Қызыл Өскер.

Some of the issues of socio-political activities of Sultanbek Kozhanov period of the Turkestan Republic

Simtikov ZHomart Qudajbergenovich

candidate of historical Sciences, doctor of political Sciences, head of the Department of political science, social and philosophical disciplines KazNPU. Abaya, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: zhomart-67@mail.ru

Some of the issues of socio-political activities of Sultanbek Kozhanov period of the Turkestan Republic

Abstract. The author examines and provides a historical analysis of one of the periods of the social and political activities of Sultanbek Kozhanov, based on materials deposited in the archives of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan. The prominent political and public figure S. Kozhanov together with the national intellectual class of Kazakhstan, his most prominent representatives A. Baitursynov, M. Dulatov and others made a significant contribution to the formation of the Kazakh Republic under Soviet construction. The author describes the political activities of S. Kozhanov, who held responsible government posts, including the position of instructor of the Central Committee of the CPSU (b) on national issues in Moscow. He became a victim of mass operations in the years of the Great Terror in 1937-1938.

Keywords: Sultanbek Kozhanov; Turkestan Republic; revolutionary Committee; Turkish Commission; the workers' and peasants' Councils; the Turkic Council; Bolshevik; kulak; kontrrevolucja; the Red Army.

Некоторые вопросы общественно-политической деятельности Султанбека Ходжанова в период Туркестанской Республики

Симтиков Жомарт Құдайбергенович

кандидат исторических наук, доктор политических наук, КазНПУ имени Абая, кафедра политологии и социально-философских дисциплин. Алматы, Республика Казахстан. E-mail: zhomart-67@mail.ru

Аннотация. Автор рассматривает и дает исторический анализ одного из периодов общественно-политической деятельности Султанбека Кожанова, опираясь на материалы, отложившиеся в архивах Республики Казахстан и Республики Узбекистан. Видный политический и общественный

деятель С.Кожанов совместно с национальной интеллигенцией Казахстана, виднейшими его представителями А. Байтурсыновым, М. Дулатовым и другими внес значительный вклад в становление Казахской республики в условиях советского строительства. Автор описывает политическую деятельность С. Кожанова, занимавшего ответственные государственные посты, включая должность инструктора аппарата ЦК ВКП (б) по национальным вопросам в Москве. Он стал жертвой массовых операций в годы Большого террора в 1937-1938 гг.

Ключевые слова: Султанбек Кожанов; Туркестанская Республика; революционный комитет; Туркестанская комиссия; рабочие и крестьянские Советы; Туркестанский исполнительный совет; большевики; кулаки; контрреволюция; Красная Армия.

ӨОЖ/УДК 94(574)(092)

Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістан Республикасы кезеңінің кейбір мәселелері

Ж.Қ. Сымтиков

Жалпы кеңестік дәуірдегі қалыптасқан әлеуметтік-саяси ахуал, қоғамдық орта жағдайы, қоғамның шектен тыс идеологияландырылуы зерттеушілерімізді қате пайымдаулар мен сыңаржақ тұжырым жасауына әкелді. Жеке немесе топтық қарсылықтарға "ұлттық ауытқушылық", халықтың өз қарапайым құқықтарын қанағаттандыруды талап еткен ұсыныстарға "қазақ ұлтшылдығы" сияқты өмірлік шындықтан алшақ, түптеп келгенде ұлттың өз азаттығына деген табиғи ұмтылысын тұншықтыру мақсаттан туындаған айдарлар тағылды. Кеңестік дәуірдегі зерттеулерде жекелеген тұлғалардың азаттық жолындағы қасиетті де, қасіретті күресі өз ұлтына деген қызметі, өмір жолдарын зерттеу күні кешеге дейін сыңаржақты бағаланып, оған тарихи шындық тұрғысынан қарауға мүмкіндік бермеді. Кейінгі кездегі тың архивтік деректердің ашылуы осы олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихты халық жасайды десек те, жеке тұлғалардың халық арасынан шығып, оларды жаңа ұмтылыстарға, үрдістерге бастайтынын ескерген жөн. Осындай ел басына күн туып, ұлттық тәуелділік және кемсітушілік пен ұлттық құқықсыздықтарды отардағы қазақ халқы басынан кешіріп жатқанда, қазақ халқының қалыптасып үлгерген зиялы қауымының бей-жай қалуы мүмкін емес нәрсе еді. Бұл орайда қоғамдық дамудың түрлі өтпелі кезеңдерінде тер төгіп, еңбек етіп терең із қалдырған тұлғалардың ұстаған бағытын уақыт таразысына салып, саралап отыру сол қоғамның өз болашағы үшін қажет шаруа. Өкінішке орай, қазақ елінің төл тарихында, соның ішінде XX ғасырдың алғашқы отыз жылдық мерзіміндегі тарихи процесстерге байланысты шешімін таппаған мәселе. Қазақ қоғамында ұлт азаттық қозғалысын дамытуға еңбек сіңірген, халықтың ұлттық сана – сезімін оятуға, оның рухани жағынан өрлеуіне белсене араласқан жарқын жандар аз болған жоқ (Сармурзин, 1991:33).

XX ғасыр басында қалыптасып келе жатқан қазақ зиялылары намысты таптайтын шешімдерге қарсылық білдіріп, бұл қозғалысқа ұйымдасқан сипат беріп, оны жаңа деңгейге көтерді. Қазақтың зиялылары ерте марқайып, тез жетілуіне Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт азаттық кетеріліс, Ресейдің 1917 жылғы қос Ақпан және Қазан төңкерісінің әсері едәуір болды. Өз ұлтының теңдігі, тәуелсіздігі мен болашағы үшін күрескен зиялыларымыздың кернекті өкілі, қазақ халқының ортасынан шыққан аса ірі қоғам және саяси қайраткерлерінің бірі, және бірегейі Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов (Султанбек Ходжанов) еді. С.Қожанов 1916 жылдан бастап 1937 жылдар аралығында ірі мемлекеттік істерге араласып, соның бел ортасында жүрді. Бұл уақыттар

тарихта қайшылықтарға толы, ауыр кезеңдер болатын. Жеке басқа табыну жылдарында жазықсыз опат болған қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеудің зор тарихи маңызы бар, әріоның өмірі мен қызметін зерттеу – ол өмір сүріп, күрес жүргізген кезеңнің де тарихын зерттеу деген сөз.

Сұлтанбек Қожанов-Қазақстан мен Орта Азия халықтарының XX ғасырдың 20-шы жылдардағы тарихында өзіндік орны бар, ерекше роль атқарған саяси қайраткер, сондықтан тақырыптың өзектілігі оның бүгінгі тарихымыз үшін қажеттілігі ешқандай да күмән туғызбайды деп ойлаймыз. Ғасырымыздың басындағы мемлекеттік көкейкесті мәселелерге белсене араласып ұлттық мүддені ешуақытта да есінен шығармаған қайраткеріміздің тарихын ескеруіміз жөн. Біз мақалада қайраткердің қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы кезеңін, қызмет жасаған аймағына байланысты Түркістан кезеңі деп алып, соған тың архив деректеріне сүйене отырып тоқталамыз.

Азамат соғысы жылдарында және одан кейінгі қалпына келтіру кезеңінде Кеңес өкіметі жеңген Түркістан Республикасында өкіметтік ерекше орган ретінде әскери-революциялық комитеттер немесе революциялық комитеттер пайда болды. Кеңес өкіметі бұл революциялық комитеттердеге ерекше мән беріп, пролетариат диктатурасының төтенше органы деп білді.

Революциялық комитет (ревком) – Кеңес өкіметінің уақытша төтенше органы еді. Азамат соғысы мен шетел интервенциясы кезінде социалистік төңкерістің жеңістерін қорғады. Азат етілген территорияларда кеңестік билік орнатып, сол жерлердің бірден-бір иесі болып, барлық билікті өз қолдарында ұстады.

Ресейдің Орталық аудандарында құрылған губерниялық және уездік революциялық комитеттер 1920 жылғы 2-қаңтардағы Жұмысшы және шаруа Кеңестерінің "Губерниялық және уездік революциялық комитеттерді тарату туралы" қаулысы бойынша өз жұмыстарын тоқтатты да, билік жергілікті Кеңестердің құзырына көшті.

Ресейдің шет аймағы деп саналатын Түркістан Республикасында іс сәл басқалай болды. Кеңес мемлекетінің жанданып дамуына Түркістан майдан шеңберінің ортасында қалды әрі басмашылық қозғалыстың өрбуі өздерінің әсерін тигізбей қоймады. Осындай объективті жағдайлар республикада революциялық комитеттердің ұзақ уақытқа дейін қызмет жасауына әкелді. Түрк АКСР-нің 1920 жылғы 5 ақпандағы "Облыстық революциялық комитеттер туралы" № 201 Уақытша ереже бойынша Түркістанның барлық облыстарында революциялық комитеттер облыстық атқару комитеттердің қолдауымен барлық хұқықтарды пайдаланды. Орталық өкімет орындары Түркістан Республикасындағы саяси оқиғалар барысын жіті бақылап отырды. 1919 жылы ақпанда В.И. Лениннің қолдауымен құрылған Түркістан ісі бойынша ерекше комиссия құрылды. Бұл комиссия тарихта Түрккомиссия деген атпен белгілі. Түрккомиссия 1919 жылы 8-қазанда В.И. Ленин қол қойған қаулыға сәйкес құрылып, оның құрамына: Ш.З. Элиава (төрағасы), М.В.Фрунзе, В.В. Куйбышев, Ф.И. Голощекин және Я.Э. Рудзутак тағы басқа мүшелері енді (Из истории, 1961). М.В. Фрунзеден басқа Түрккомиссия мүшелері Ташкентке сол жылдың 4-қарашасында келді. Түрккомиссия мен жергілікті қызметкерлердің басты мақсаты өлкеде ұлт саясатын дұрыс жолға қою болатын. Октябрь революциясынан бергі екі жылға жуық уақыт бойы Түркістан Республикасындағы негізгі басшылықты өз қолдарында ұстап келген орыс большевиктерінің жергілікті халықтарға қатысты жүргізген саясатынан қатты шошынған, оларға деген сенімі толық күйреген мұсылман коммунистері В.И. Ленин қол қойған ерекше мандатпен келген Түріккомиссияға зор сенім білдіре, үлкен үміт арта

қарады. "Түркістанда халық большевиктерге қылмыскерлерге қарағандай қарайды және Түріккомиссия келген кезде ауылдар мен қышлақтарда келген большевиктер емес, бізді большевиктерден азат ету үшін басқа біреулер келді дегенді айтысты" – дейді Н.Төреқұлов¹. Бұл көңіл-күй жергілікті халықтың осы уақытқа дейін өздеріне қатысты жүргізіліп келген саясатқа деген наразылығының көрінісі еді.

Осы ащы да болса боямасыз пікірді айтқан Н.Төреқұлов кім еді? Сөздің реті келген соң соған тоқталмасқа болмайды.

Ол біріншіден XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында әр түрлі саяси-идеологиялық айтыс-тартыстардың бел ортасында жүрген қазақ халқының мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген санаулы ұлдарының бірі. С.Қожановтың үзеңгілес жолдасы. Бұл жерде Н. Төреқұлов тарапынан ағалық қамқорлықты С.Қожановта көргенін естен шығармаған жөн. Оның әдеби-публицистикалық еңбектерінің өзі бір төбе. Қазақ халқының арасынан шыққан алғашқы дипломат. Әсіресе, қайраткердің Түркістан Республикасы өмір сүріп тұрған кезеңдегі саяси күрестің бел ортасында болуы, қоғамдық-мемлекеттік қызметі күні бүгінге дейін тарих сахнасынан әділ бағасын ала алмай келеді.

Бірақ, Түріккомиссия Түркістанның қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-тұрмыстық объективті жағдайымен есептесе бермеді. Олар Орталық Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне көшірме ретінде күштеп енгізуге тырысты. Түркістанда таптық күресті жандандырып, жергілікті халықты таптық жеңіліске итермеледі. Ұлт бостандығы ұлттардың өзін-өзі билеуі мәселесінде бірде-бір оңды қадам жасамауға икемделген кезде жергілікті коммунистердің Түріккомиссияға деген көзқарастары біртіндеп өзгере бастады, көтеріңкі көңіл-күй тез-ақ су сепкендей басылды. Түріккомиссия Түркістан майданы Революциялық-әскери Советінің қолдауына сүйене отырып Түркістан Республикасының саяси өміріне бел-сене араласты. 1919 жылы жазда Түрікатком жанынан құрылған комиссия Әулиеата, Черняев уездері мен Сырдария облысының уездерін аралап келіп "мұсылмандар тұратын жерлерде Кеңес өкіметі жоқ, егер бар болса ол кедейлердікі емес, байлар мен кулактардікі" – деп жазды².

1918-1920 жылдардағы Түркістан Республикасындағы саяси жағдайдың шиеленісе түсуі Кеңес өкіметін нығайту жолында ерекше ұйым құруға итермеледі. Қазан социалистік төңкерісін қорғап әрі қарай нығайту үшін билікті бір қолға шама келгенше жинақтай отырып Кызыл Армиямен біріге отырып белсенді күрес жүргізу мақсатында осы революциялық комитеттер дүниеге келді. Түркістан Республикасында алғашқы революциялық комитет Ферғана облысында құрылды. 1919 жылдың аяғы 1920 жылдың басында Түркістанда саяси-әскери жағдай шиеленіскен сипат алды. Әсіресе 1919 жылдың көктемінде Түркістан Республикасының Ферғана облысындағы саяси жағдай аса қатты асқынып кетті. Кеңес өкіметі 1918 жылы қыста "Қоқан автономиясын" қарудың күшімен басып жаныштанған болатын. (Шамсутдинов, 1970:58)

Жаңа үкіметтің қанды қылмыстарынан шошынған жергілікті халықтар өрістей бастаған басмашылар қозғалысына қосыла бастады. Басмашылық топтар төңкеріске дейін де әрекет жасаған еді. Бұл басмашылық топтарды түрліше қылмыс жасап, сол үшін езінің тиісті жазасын алған, жер аударылған, артынан Түркістан жеріне қайта оралып кәсіби қарақшылықпен айналысқан адамдар құрған еді. Олар бірінші дүние жүзілік соғыс майданынан қайтқан солдаттар мен 1916 жылы майданның қара жұмысына алынғандардан қару-

¹Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының Архиві(ӨРПАА), 60-қ.1-т.413-іс. 6-арт.п.

²ӨРПАА, 60-қ. 1-т. 60-іс, 67-п.

жарақ сатып алып қаруланғандар болатын. Басмашылық қозғалысты шетелдіктер қолдап, контрреволюциялық іс-қимылдарын үдетті, олар тонаушылықпен кеңес және партия қызметкерлеріне терролық сипатта іс-әрекеттер жасады. Чимбай уезінің Амудария бөлімінде ақ гвардияшылар бас көтерді. Закаспий облысында шетел интервенттері мен ақ гвардияшылармен күрес жалғасып жатты.

Жетісу облысында кулактардың антисоветтік қозғалысы күшейді. Осындай қиын-қыстау жағдайда 1919 жылы 11-қазанда Түрікатком "Кеңестік құрылыс туралы" мәселе қарап, республикадағы барлық кеңестік мекемелерді әскери жағдайда себепті революциялық комитеттер құрылсын" – деп қаулы қабылдады (Хасанов, 1990). Түрікатком төралқасы атқару комитеттік системадан революциялық комитетке өтудің нақтылы мәселелерін анықтады. Алғашқы ретте облыстық ревкомдар ұйымдастырылды. Ферғана облыстық ревкомы 4-қарашада, Закаспий облыстық ревкомы 24-қарашада, Жетісу облыстық ревкомы 9-қарашада, Амудария бөлімі 11-желтоқсанда, Сырдария облыстық ревкомы 19-желтоқсанда, Самарқанд облыстық ревкомы 20-желтоқсанда құрылды. Облыстық және уездік-қалалық революциялық комитеттер ұйымдастырылып болған соң, аудандық, болыстық, ауыл-селолық революциялық комитеттер құрылды. Ал, енді, революциялық комитеттерді кімдер басқарды? РКП (б)-нің 1919 жылғы 30-қыркүйектегі жазған хатында "басқа барлық жұмыстардан босатып, жергілікті партия комитеттері ең жақсы, қабілетті деген қызметкерлерді ұсынуы керек" – деген³. Яғни сақталып қалған құжаттар көрсетіп отырғандай революциялық комитеттердің жетекшілері халық арасында беделді, әрі ұйымдастырушылық қабілеті бар коммунистердің өкілдері болды. 1920 жылы наурыз айында коммунистік партия қатарына өткен С. Қожанов жергілікті жерлерде Кеңес үкіметін нығайту ісіне атсалысты. Иә, бұл жерде 1916-1917 жылдары "Алаштық" ұлттық көзқараста болған С. Қожанов қалай большевик болды? деген орынды сұрақтың туындары сөзсіз. (Из истории, 1961:465)

Жеке басқа табынушылық идеологиясы мен тәжірибесінің әсерімен тарихшылар "Алашорда" қозғалысын, там-тұмдап қарағанымен, сол қозғалысқа ниеттес болғандардың көзқарас эволюциясына көңіл аударып, арнайы зерттеген емес. Ресейдегі үш төңкеріс кезіндегі қазақ зиялыларының тарихы қара бояумен ғана берілді, оларға "алашорда пиғылындағы интеллигенция" деген айдар тағылды. Әрине, С.Қожановты да сол айдарды арқалағандардың қатарынан көріп келдік. Олай болса, "Алаш-қазақ халқы деген ұғым. Алаш-еліміздің ежелгі аты. Ендеше, Алаш қозғалысы-ұлт азаттық сана өсуі процесінің құрамды бөлігі.

Егемендікті, еркіндікті ту қылып жұмысшылар, жер мәселесін тиек етіп шаруалар қозғалыстары өрістеді. Азаттық, бостандық деп езілген халықтар күреске шықты. Тек қана "Ресейде ғана емес езілген ұлттардың ұлт-азаттық қозғалысы Азияда да басталғанына В.И. Ленин баса назар аударғаны белгілі. Ұйқыдағы Азия оянған еді. Сол оянған Азия халқының ішінде қазақ халқы да бар болатын. Міржақып Дулатовтың "Оян, қазақ!" деп ұран тастаған мезгіл болатын.

Ендеше, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс таза пролетарлық қозғалыс болуы мүмкін емес. Ол орта ғасырлықтан буржуазиялық демократияға бет алған қозғалыс еді. Ресейде төңкерістің буржуазиялық-демократиялық кезеңінде білек сыбанып интеллигенция шықса, қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыста ту ұстап белсенділік көрсетіп қазақтың

³ӨРОМА. Р-17-қ. 1-т. 229-іс. 8-п.

оқыған зиялылар тобы қатысты. Бірақ, орыс либералдық интеллегенциясынан қазақ зиялыларының айырмасы көп еді.

Біріншіден, олар патшалық Ресей бұратана деп кемсіткен халықтың интеллигенциясы болатын.

Екіншіден, оның құрамында іскерлік өндіріске араласқан банктің директорлары не басқарушылары, акционерлік қоғамдардың юрист-кеңесшілері, компаниялардың, трест пен синдикаттардың басқарма мүшелері, басқаша айтқанда, өндірісшілер мен қаржыгерлер болған жоқ. Олар халықты ұлт ағартушылар Абай, Шоқан, Ыбырайлардың идеяларына, одан әрі дүниежүзілік мәдени мұралар негізінде тәрбиелеуге ұмтылды. Өз ұлтын жанындай жақсы көретін С.Қожанов 1916-1917 жылдары "алдыңғы толқын ағаларымен" жақын қарым-қатынаста болды. Олардың көзқарас эволюциясы С.Қожановқа едәуір ықпал жасамай қойған жоқ. Олар болса, жақында өсіп жетіліп келе жатқан қазақ зиялы қауымының қалыптасуына, оны тәрбиелеуге ат салысты, мәдени революцияның қазақ сахарасына кеңінен тарауына сүбелі үлес қосты.

"Ұлттық демократиялық зиялы қауым" қазақ елін отарлық езгіден азат ету мен қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениеті әлеуметтік-экономикалық және мәдениетті даму жолына алып шығу міндеттерін көздеген еді.

С.Қожановтың да көзқарасы осы тілек мақсаттармен астасып жатқан болатын. Оған қайраткердің "Бірлік туы" сияқты мерзімді басылымдарда жарық көріп тұрған сол кездегі пікір пайымдаулары дәлел бола алады.

Әлихан Бөкейхан бастаған және сол кезеңде қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда Қазақстандағы қоғамдық саяси, әлеуметтік экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және халықтық бірлік принциптеріне сүйенді. Мұндай позиция, әлбетте, аталған мәселерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтанда, Алаш көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы Қазан төңкерісінің ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Сол жылдары жаңадан өсіп келе жатқан қазақ интеллегенциясының "кейінгі толқынының" өкілі С.Қожановтың бұл мәселедегі көзқарасы сәл өзгешерек болды.

С. Қожанов дүниедегі өзгерістердің сырына, әдебиет пен мәдениеттің адам өміріндегі қоғамдағы орынына үңілген сайын еңселі ел боламын деген ұлт рухани жағынан өспей тиянақты азаттыққа қарай аттап басудың өте қиындығына көзі жетті. Ол бұл тұста саяси қимылда байсалдылық танытып, ағартушылықпен айналысып жүрген болатын. Әрі қазақ халқын тәуелсіз теңдікпен баянды бостандыққа апаратын саяси күш ретінде большевиктік партияны таныды. Сондай-ақ, өлкеде большевиктік бағыттағы саяси ағымның беделі жоғары еді. Мезгіл 1920 жыл болатын. Әрине, С.Қожановтың өзі шыққан әлеуметтік ортасы оны большевиктік идеяға сеніп, осы бағытты қабылдауға итермелегені сөзсіз. Ол өзінің діттеген мақсатына осы большевиктік партияның құрамында жүріп жетуді көздеді. Өзінің ұлтына деген сүйіспеншілік оның қадір-қасиетін бағалай білу сияқты көзқарасынан тек таптық принциптерді ғана місе тұтқан большевиктік партияның қатарында жүріп те тайған емес. Ол коммунистік партия қатарына өтпестен сәл бұрынырақ 2-сәуірде Сырдария облыстық революциялық комитеттің жиналысында, Сырдария уездік революциялық комитеттің жұмыс істей алу қабілетінің нашарлығына байланысты таратып, оның жаңа құрамын сайлады. Төраға болып Д. Нысанбаев, төрағаның орынбасары болып С. Қожанов және мүшесі болып Мироненко тағайын-

далды⁴. Осы жерде ескерте кететін бір жай. Ол уақытта коммунистік партияның мүшесі болмаған адам жауапты қызметке тұра алмайтын. Бұл жайды С.Қожанов толықтай дерлік басынан кешірді. 1920 жылғы 13-ақпандағы Түркістан уездік-қалалық атқарукомитеті мен уездік партия комитеті және Мұсылман бюросының біріккен мәжілісінде осы мәселе көтеріліп проблема ретінде қаралған⁵. Түркістан уезіне сол кезде 16 болыс қарайтын. С.Қожанов осы болыстарды аралап, жағдайларымен танысып, шешімін таппаған мәселелерді шешуге, өзінің ақыл-кеңесін беретін. Әр болыстың өзіне және ерекшеліктеріне жіті көңіл аударып, ыңғайына қарап іс-қимыл жасайтын Уездік революциялық комитеттің тапсырмаларымен іс-сапарларға шығып тұрды. Түрікатком төрағасы Т. Рысқұловтың сұрауымен С. Қожанов Ташкент қаласына Түркістан уезіндегі саяси жағдайды баяндауға әрі жоғарғы органдардан тапсырмалар алу үшін 1920 жылы 11-шілдеде іс сапарға кеткені жөнінде құжаттар бар⁶.

Осы жылдың 15-тамызында С. Қожанов Түркістан уездік-қалалық атқару комитеті мен Сырдария облыстық революциялық комитеттің төрағасы болып тағайындалды⁷. Түркістандағы барлық революциялық комитеттер атқару комитеттердің хұқықтарын пайдалана отырып, таптық жағынан пролетариат диктатурасының органы болды. Революциялық комитеттер сайланбайтын, тек тағайындалатын. Барлық революциялық комитеттер Түркістан Республикасының Ішкістер Халық Комиссариаты арқылы тапсырмалар алатын. Революциялық комитеттердің құрамы аз ғана болатын. Облыстық революциялық комитеттер 5-11 адамнан, уездік-қалалық – 5-7 адамнан, аудандық және болыстық – 3-5 адамнан, ауылдық, селолық, станциялық, поселкелік революциялық комитеттер – 3 адамнан тұрды.⁸ С. Қожанов Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы болып тұрғанда контрреволюциялық күштерге қарсы еңбекшілерді ұйымдастыра білді, совет өкіметін қалпына келтіруге, Совет және атқару комитеттеріне сайлау органдарын ұйымдастыруда қажетті жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлді. Төтенше комиссия, ерекше бөлім, саяси бөлім, басқару бөлімі, милиция, прокуратура, халықтық сот, әскери трибунал тағы басқа да үкіметтік органдармен байланыста болды.

Қызыл Армия қатарына еңбекшілердің ерікті жасақшыларын құруға ат салысты. Осылайша, Сұлтанбек Қожановтың жас кезінен бастап Кеңестік социалистік құрылыстағы қоғамдық-саяси және мемлекеттік істерге араласуы осылай Түркістан топырағынан бастау алды және белсенділігімен ерекшеленді.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Из истории Гражданской войны в СССР. Документы и материалы. Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане, в 2-х т. Том 1. Май 1918 г. – сентябрь 1919 г. (Сост. А. Г. Багрянцев, А. С. Елагин, И. А. Алимов и др.). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 685 с.; Т. 2. Сентябрь 1919 г. – декабрь 1920 г. (Сост. А.Г. Багрянцев, А.С. Елагин (руков. группы), П. В. Агапов и др.). – Алма-Ата: Наука, 1964. 724 с.
2. Сармурзин, 1991 – Сармурзин А. Большевиктерден басқаны да ұмытпайық// Қазақстан коммунисті, 1991. №5.
3. Шамсутдинов, 1970 – Шамсутдинов Р.Т. Из истории революционных комитетов Туркестана в 1918-1923 гг. // История. СССР. 1970. №6 .

⁴ӨРПАА 60-қ. 2-т. 296-іс. 14- арт.п.

⁵Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА), 849-қ.1-т.16-іс. 1-4-пп.

⁶ҚРОМА. 849-қ.1-т.16-іс. 21-п.

⁷ҚРОМА. 849-қ.1-т.16-іс. 46-п.

⁸ҚРОМА. 849-қ.1-т.16-іс. 46-п.

4. Хасанов, 1990 – Хасанов М.К. «Кокандская автономия» и некоторые ее уроки // Общественные науки в Узбекистане, 1990, № 2. С. 41-52.
5. Хасанов, 1990 – Хасанов М.К. Альтернатива. Из истории Кокандской автономии //Звезда Востока, 1990, № 7. С.105-120.

Reference

- Iz istorii, 1963, 1964 – Iz istorii grazhdanskoj vojny v SSSR. Dokumenty i materialy. Inostrannaya voennaya intervenciya i grazhdanskaya vojna v Srednej Azii i Kazahstane, v 2-h t. Tom 1. Maj 1918 g. – sentyabr' 1919 g. (Sost. A. G. Bagryancev, A. S. Elagin, I. A. Alimov i dr.).- Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1963. – 685 s.; T. 2. Sentyabr' 1919 g. – dekabr' 1920 g. (Sost. A. G. Bagryancev, A. S. Elagin (rukov. gruppy), P. V. Agapov i dr.). – Alma-Ata: Nauka, 1964. 724 s.(in Rus).
- Sarmurzin, 1991 – Sarmurzin A. Bol'shevikterden basqany da ымытпайық// Қазақстан коммунистi, 1991. №5.(in Rus).
- Shamsutdinov, 1970 – Shamsutdinov R.T. Iz istorii revolyucionnyh komitetov Turkestana v 1918-1923 gg. // Istoriya. SSSR. 1970. №6.(in Rus).
- Hasanov, 1990 – Hasanov M.K. «Kokandskaya avtonomiya" i nekotorye ee uroki // Obshchestvennye nauki v Uzbekistane, 1990, № 2. S. 41-52. (in Rus).
- Hasanov, 1990 – Hasanov M.K. Al'ternativa. Iz istorii Kokandskoj avtonomii //Zvezda Vostoka, 1990, № 7.S.105-120.(in Rus).